

**ҰЛЫТАУ ӨңІРІНІҢ ТУРИЗМІ ЖӘНЕ МҰРАЖАЙ ҚЫЗМЕТІН
ОНЛАЙНҒА КӨШПҮ ЖОЛДАРЫ**

Жанарбек Гүлжайна, Нұрланқызы Аружан
Zhanarbek.gulzhaina@gmail.com
Aruzhan.nurlankyzy20@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
туризм мамандығының 3 курс студенттері

Ғылыми жетекшілері – э.ғ.к. Г.Қ.Абдраманова
Қ.С.Аубакиров

Дамыған мемлекеттерде туризм индустриясы арқылы табыс табу және экономиканы арттыру басты белес алған. Ал біздің еліміз табиғи ресурстармен қоса, бай мәдениеті, тарихы барел, халықаралық, өңірлік деңгейде туризм саласын дамытуға зор мүмкіншіліктері бар.

Бүгінгі таңда мемлекет туристік қызмет көрсетудің сапалы деңгейін жақсарту үшін қажетті кең ауқымды жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде. Алайда, осы саланың басым және жоғары әлеуетті салаларының бірі болып табылатын Қазақстандағы мәдени, этнотуризм, экологиялық туризмнің даму қарқыны айтарлықтай төмен деңгейде. Сонымен бірге, осы бағытта тиімді жұмыс жасамайынша, еліміздің кең ауқымды және танымал мәдени-туристік кешенін құру мүмкін емес. Қазақстандықтар мен шетелдік туристерді мәдени, этнотуризм, экологиялық туризм түрлері арқылы дала көшпенділерінің тарихымен, дәстүрлі қазақ тұрмысымен және тарихи-мәдени мұраларымен таныстыратын киелі жер – Ұлытау өңірі. Ұлытау өлкесінің Еуразия көшпенділері тарихында көшпелі өркениеттің өзіндік эпицентрі бола отырып, әрқашан ерекше қасиетті орынға ие болған. Кесенелердің, жартас суреттер, үңгірлер, ежелгі қалалар, тарихи және аңызға айналған әңгімелердің орталығына айналады деп айтсақ қателеспейміз.

Ұлытау – қазақ халқы қасиет тұтқан, ұлы тарихи оқиғалар мен тұлғалардың мекені. Үш жүздің басы қосылған, ұлттың тарихи құндылықтары, мәдениеті сақталған, және оны дәріптейтін құдіретті де қасиетті жер.

Ұлытау қазақ жерінің орталығы және қазақ ұлтының бесігі болып саналады: Ұлытауда ақ кимеде хандар көтерілді. Жошы хан, Алаш хан, Тамерлан, Әмір Едіге, Тоқтамыс хан, Кенесары хан, Әлкей Марғұлан, Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтпаев-бұл есімдердің барлығы Қазақстан тарихы мен әлемдік тарих үшін маңызды. Киелі жердің тарихы мен мәдениетін туризм саласы арқылы таныту керек. Оның ішінде, этнотуризм, тарихи-мәдени туризм, экологиялық және т.б.

Экологиялық туризм - салыстырмалы түрде қол жетімсіз жерлерге саяхат экожүйенің тұтастығын бұзбай, еліміздің табиғи және мәдени-этнографиялық ерекшеліктері туралы түсінік алуға мүмкіндік береді. Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы 1990 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен құрылды. Қорық-музейдің аумағында жалпы ауданы 147,246 мың га болатын 25 кешен бар. Ғимараттың ауданы 566 ш.м., экспозициясы мен көрме алаңы - 280 ш.м. Екі көрме залынан басқа уақытша көрмелер (104 шаршы метр), сақтау қоймалары, кітапхана, интернет-кафе және ақпараттық-туристік дүңгіршек үшін үй-жай қарастырылған. Мұражай қорында мыңдаған жылдар бойы Еуразия даласында өмір сүрген және өмір сүрген мәдени қауымдастықтардың дамуын көрсететін сирек және ерекше заттар бар (барлығы 4902 зат).

Ұлытау қорық-мұражайының міндеті - Ұлытау мәдениетінің еуразиялық тарихи құбылысын әлемдік қауымдастыққа тарату.

Қорық-музей келесі іс-шараларды жүзеге асырады: тарих пен табиғаттың жылжымалы және қозғалмайтын ескерткіштері экспозициясының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

ескерткіштердің, мұражай заттарының толық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау, жоюдан, бүлінуден, ұрлаудан кепілдік беру, сақтаудың ұтымды жүйесін құру; табиғи-археологиялық, тарихи-мәдени кешенді сақтау және қорғау және ғылыми-зерттеу, мәдени-ағартушылық қызмет.

Ұлытау облысының аумағында ресми тіркелген әр түрлі уақыттағы 337 ескерткіш бар, оның 282-сі Ұлытау қорық-музейі қорының тарихи-мәдени картасына енгізілген.

Қорық-мұражайдың аумағында Алашахан, Жошыхан, Теректи-әулие сияқты әйгілі ескерткіштер, Байқоңыр, Басқамыр тастарындағы суреттер және басқа да әртүрлі тарихи дәуірлер бар. Жергілікті тұрғындар арасында жылқы өсірудің ежелгі дәстүрлері әлі күнге дейін сақталған, халықтық қолөнер мен фольклор кең таралған.

Ұлытау қорығы өзінің ерекше флорасы мен фаунасымен танымал. Ұлытау аумағында 617 өсімдік түрі анықталды, оның 90-ы емдік [1].

Этнотуризм -бұл жеке ұлттар мен халықтармен танысуға және оларды мәдени және тілдік алмасу мақсатында зерттеуге бағытталған мәдени туризмнің түрі [2].

«...Еліміздің киелі жерлерінің арасында Ұлытау жері ерекше орын алады. Бұл қазақ халқының қасиетті бесігі, ұлт бірлігінің және Тәуелсіздік үшін қатал күрестің символы. Қазақстан таяу арада шетелдік және отандық туристер үшін тартымды орындардың бірі, сонымен қатар, әлемдік этнотуризм орталықтарының бірі бола алады...» - деп, президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауға сапарында өңірдің туризміне аса көңіл бөлу қажеттігін, Ұлытаудың қазақ халқы үшін киелі екендігін атап өткен болатын[3].

Дүниежүзілік туристікұйымның зерттеулеріне сүйенсек, бес жұлдызды жайлы қонақ үйлердегі демалыс қазіргітаңда өзектілігін жоғалтуда. Жылдан жылға жиһангездердің көбісі этно және экотуризмдітаңдауда. Адамдар келген ел туралы көбірек ақпарат алуды қалайды. Оның мәдениетінзерттеп, жергілікті халықпен араласқысы келеді. Шет елдік туристерді Қазақстан аумағындаҰлы Жібек жолы өткені туралы деректер қызықтырады [4, 5].

Ұлытау ауданында республика бойынша «Жезкиік», «Қымызмұрындық», «Көкмайса», «Тау самалы» сынды мәдени ісшаралардың ұйымдастырылуы – қазақтың ұлттық мәдениетін және өнерін дәріптеу болып табылады және бұл шаралар имидждің қалыптасуына әсерін тигізеді. Жыл сайын Ұлытау бөктерлерінде киіз үйлер тігіліп ұйымдастырылатын халықаралық Жезкиік фестиваліне әлемнің үш құрлығынан, 9 шет мемлекеттің және Қазақстанның фольклорлық ансамблі өнерлерін көрсетеді. Тау бөктерінде киіз үйлермен қатар, үлкен сахна, түрлі ойын алаңдары, алтыбақан, сауда шатырлары, қолөнер бұйымдарына, шағын сәндік мүсіндерге арналған шатырлар құрылып, ұлан-асыр той өткізіледі. Фестивальге қатысушылары мен қонақтарына қазақтың ұлттық салт дәстүрлері(бесікке салу, беташар және т.б.)көрсетіліп, ұлттық ойындары ойнатылады.

2018 жылдың шілде айының 17 күні жаһанды жалт қаратқан Жезқазған-Ұлытау өңірін ән-күйге бөлеген I халықаралық «Жезкиік» музыкалық фестивалі өтті. Қарағандыоблысы ғана емес, қазақ үшін маңызы зор шара «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындабастау алды. Сайын дала Сарыарқа сұлулығының символы – Жезкиіктің ол өнер жәрмеңкесіне атау болуының да өзіндік маңызы зор. Кеше Кетбұғадай билер кеңес құрып,«Ақсақ құландай» ұлы музыкалар дүниеге келген ұлт бесігі Ұлытауда мұндай іс-шараныңұйымдастырылуы тарихтан тағылымды сыр шертіп жатты.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасындаҰлытау туризмін "Табиғат пен көшпенді мәдениет бірлігі" атты Ақмола және Қарағанды облыстарын, Солтүстік Қазақстан облысының оңтүстік-батыс бөлігін және Павлодар облысының батыс бөлігін қамтитын алтыншы класстеріне енгізген. Класстерде Ұлытау аумағының 2 нысаны қарастырылған:

- 1) Ұлытау мемлекеттік ұлттық табиғи қамалы (зоологиялық);
- 2) "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы;

Кластер көшпелі мәдениет пен дала әралуандылығының орталығы болады. Осы кластерде әзірленетін негізгі туристік өнімдер – бұл мәдени туризм және турне, көңіл көтеру,

шытырман, таулар мен көлдердегі демалыс, санаториялық-курорттық және СПА туризмі, сондай-ақ қысқа мерзімді және белсенді демалыс[6].

Ұлытау өңірі ішкі туризмді дамыту тұрғысынан үлкен әлеуетке ие. Әртүрлі кезеңдердегі тарихи мәдени объектілер, сонымен қатар биологиялық және табиғи ландшафтық әртүрлілік бұл жерде әртүрлі саяхаттарды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Және «Nomadic Travel Kazakhstan» секілді туристік компания жеке немесе топтық турларды ұйымдастыруда көмек береді. Ұлытауға саяхаттайтын турист үшін негізгі мәселелердің бірі орналастыру орындары мен қоғамдық тамақтану объектілерінің жеткілікті деңгейде емес. Ұлытау өңіріне туристік пакеттерді әзірге тек «Nomadic Travel Kazakhstan» туристік компаниясы ғана ұсынады. Және де «Nomadic Travel Kazakhstan» туристік компаниясының құрастыруымен өлкеге 3D форматта саяхат жасау мүмкіндігі де бар. Сайтта Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл кесенелеріне, қасиетті Әулие тау, Ақжал тауы, Теректі Әулие, Едіге шыңы, Қазақстан халықтары бірлігі монументіне, Ұлытау ұлттық тарихи мәдени және табиғи қорық мұражайына, Басқамыр қалашығына және тағы да басқа турлар ұсынылған. Сонымен қатар, 2016 жылы «Қазақ Ұлттық географиялық қоғам» ұйымы мен «Авалон» тарихи-географиялық қоғам» ұйымдарының «Avalon Travel Guides Ұлытау» атты ортақ жобасы жарыққа шыққан болатын[7,8].

Ұлытау ауданының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің жасаған есебінің деректері бойынша, 2019 жылы туризмді дамытудың төрт инвестициялық жобасы қарастырылған, қаражат соммасы 16 млн теңгені құраған, олар:

- «Көкмайса» демалыс орнындағы 2 вагонды қалпына келтіру;
- «Жидек» жеке кәсіпкерлік иегерлігіндегі жазғы демалыс орны;
- «Арша-Фаранд» жеке кәсіпкерлік иегерлігіндегі жазғы демалыс орнының ашылуы;
- «Айтбай» шаруа қожалығы иегерлігіндегі жол бойында қызмет көрсету құрылысы (қонақ үй, сауда орны, асхана);

Сонымен қоса, 2020 жылдың аталған саланы дамытудың төрт инвестициялық жобасы, қаражаты 331 млн теңге, жоспарланған болатын:

- Ұлытау қонақ үйін қайта қалпына келтіру жұмыстары;
- Болатсай демалыс үйін қайта қалпына келтіру, қаражаты
- ЖК Молдашев кәсіпкерінің инвестициялық қаражаты негізінде 68 орындық қонақ үй;

- Саумал орталығы, көктемнен күз айларына дейін келушілерді қымызбен, саумалмен қамтамасыз етсе, қыс айларында қонақ-үй қызметін көрсетеді. Келешекте саумал орталығының қызметін кеңейту мақсатында атпен серуендеу, қыс мезгілінде қарда жүретін шанамен қызметтер көрсету жоспарланған. Бұл аталған жобалар, карантин жағдайына байланысты, кейінге шегерілген болатын. Өңірге мемлекет тарапынан қолдаулар жасалғанымен, қазіргі қиын кезеңде қолға алып дамыту мүмкіншіліктері шектелген. Алайда болашақта Ұлытау өңірін әрі қарай дамыту әлуеті зор.

Ұлытау ауданының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің жасаған есебінің деректері бойынша, 2019 жылы «Жезкиік» музыкалық фестивалі аясында 15400 туристке: бір қонақ үйде және жергілікті тұрғындар ұйымдастырған қонақ күтетін екі үй мен 100 орынды 4 кафе арқылы туристік қызметтер көрсетілген. Фестивалінің шеңберінде Ұлытауда туризмді дамыту әлеуеті мен мәселелерін талқылауға арналған туристік форум өтті. Форумға қатысушылар қатарында Қазақстан, Германия, Моңғолия, Түркия және Қырғызстаннан келген туроператорлар болды. Форумда сондай-ақ туристік бизнестің жаңа трендтері туралы да сөз қозғалды. 1- суреттер көрсетілгендей, Ұлытау ауданына деген туристердің қызығушылығы жылдан-жылға артқан, себебі туристік ағынның көлемі 2016 жылдан 2019 жылға қарай артып отыр.



1-Сурет. Туристік ағынының көлемі[8].

Қазіргі кезде пандемия уақытында туристік орталықтарды дамытуды онлайн жүйелер арқылы жылжыту қарқынды даму үстінде. Әлемнің көптеген туристік нысандары туристерді қабылдай алмағандықтан онлайн платформалардың жұмысын іске қосып жатыр. Мысал ретінде, бірнеше мұражайларды қарастырайық. Санкт-Петербургтегі ең танымал мұражай келушілерге онлайн түрде барлық қабаттарды және залдарды аралауды ұсынады. Ресми парақшасынан мұражайдағы 3D экскурсияны тамашалай аламыз: келушілер барлық экспонаттарды үлкейтіп көре алады немесе сәнді галереялар мен залдарда серуендеуге жақсы уақыт өткізе алады [10].

Осы бойынша Ресейде пандемия жағдайында Интернет-дәрістерге, мастер-класстар мен вебинарларға ғана сұраныс айтарлықтай өсті. Мұражайларға виртуалды экскурсиялар және "сандық өнер" — сипаттамасы мен тарихы бар экспонаттардың онлайн-карталары танымал бола бастады. Мұндай қызметтерді құруға Ресей Мәдениет министрлігінің өкілдері көмектескен. Олар бірнеше виртуалды платформаларды ойлап тапты, оларда мұражайларға 450-ден астам аудиогидтер, 48 мың цифрландырылған кітап ескерткіштері орналастырды. Бұл алаңдарда конференциялар, дәрістер, концерттер, спектакльдер көрсетіледі. 2020 жылдың басынан бері онда 2,5 мыңнан астам ойын-сауық және білім беру іс-шаралары көрсетілді [11].

Осы аталған Ресей мұражайларының тәжірбиесіне қарай отырып, қазіргі уақытта Ұлытау ауданының туризм жағдайының дамуына байланысты Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы бойынша виртуалды 3D экскурсиясын ұйымдастыру өте қолайлы, себебі онлайн-экскурсия жасалған сайт бар[9].

Бұл сайтта берілген Ұлытау тарихи-мәдени мұражайы бойынша виртуалды 3D онлайн-экскурсияда Ұлытау мұражайы залдарының 3 панорамасынан өтіп, сіз осы бірегей ауданның тарихымен танысасыз. Виртуалды экскурсия палеолит дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі мәдени және тарихи экспонаттарды көрсетеді. Ежелгі адамдардың тұрмыстық заттары, көшпенділердің қаруы, тарихи құжаттар, марапаттарымен мұражай экспозициясы өте бай және алуан түрлі [9].

Қазіргі жағдайда Ұлытау өңіріндегі Ұлытау тарихи-мәдени мұражайындағы туризмді дамытуға қатысты ұсыныстар:

- 3D виртуалды экскурсиясын ұйымдастыру;
- виртуалды экскурсияға аудио-гидты жасау;
- мұражай экспонаттарының сипаттамасы мен тарихы жазылған онлайн-карталар жасау;
- виртуалды экскурсияны және ақпарат алынатын сайттың қазақша, орысша және ағылшынша тілдерде ақпарат беруін қамтамасыз ету;

Осындай виртуалды платформаларды ұйымдастыру арқылы бірнеше адамға бірдей уақытта онлайн форматта аудиогидтер, цифрландырылған кітап ескерткіштерін ұсынудың артықшылығы өте көп. Бір жағынан конференциялар, дәрістер, концерттер, спектакльдерді жүргізіп, туристердің қызығушылығын оятуға болады.

Сонымен қатар, мұражай әкімшілігі тіркелген билеттерді сатып, нақты көрсеткіштерді анықтап, турист қызығушылықтарын бақылай алады. Бұл сонымен қатар, алып сатуды азайтады. Ешкім бірнеше билетті сатып ала алмайды, содан кейін оларды қымбат адамдарға сата алмайды. Пандемиямен тағы бір жаңалық келді. Қазір адамдар негізінен мұражайларға билеттерді веб-сайттардан сатып алады. Көптеген экскурсиялар тоқтатылды. Сондықтан, келушілер экспозицияны өз бетінше зерттей алуы үшін электронды билеттерге брошюралар, буклеттер және басқа да пайдалы ақпаратты қосу мүмкіндігі бар. Мұражай қызметкерлері үшін басты міндет — ақпаратты барынша қысқа әрі нақты жеткізу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы <http://ulytaureserve.kz/kz/13-nacionalnyj-istoriko-kulturnyj-i-prirodnyj-zapovednik-muzej-ulytau.html>
2. Биржаков, М. Б. Введение в туризм / М. Б. Биржаков. – 9-е изд., перераб. и доп. – СПб. : Изд. дом Герда, 2007. – 576 с.
3. О чем говорил Президент Казахстана ана форуме «Улытау-2019» <https://www.zakon.kz/4982906-o-chem-govoril-prezident-kazahstana-na.html>
4. Ұлытауды Қарағанды өңірінің туристік брендіне айналдырмақ <http://ulytau-akimat.crealog.kz/kk/news/id/3130>
5. Ұлытау газеті Сенбі, 11 тамыз, 2018 жыл
6. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000406>
7. Қуаныш Ахметов. /Ұлытау [Мәтін] – Астана : Фолиант, 2006. -344с.
8. Ұлытау ауданының есеп бөлімінен алынған ақпарат.
9. Ұлытау тарихи-мәдени мұражайы бойынша виртуалды 3D экскурсия <http://www.city3d.kz/travel/ulytau-murasy/56-virtualniy-tur-po-muzeu-ulitau.html>
10. <https://www.hermitagemuseum.org/wps/portal/hermitage/panorama/>
11. Вечерняя Москва журналы 28 қазан, 2020 жыл <https://news.rambler.ru/scitech/45119876-pandemiya-uskorila-tsifrovizatsiyu-muzeynogo-dela/>

ӘОЖ 338.48

ТУРИСТІК ДЕСТИНАЦИЯНЫ ТАҢДАУ ФАКТОРЛАРЫ

Зейнулла Гүлнұр Аблайқызы

«Қонақ үй және мейрамхана ісі» мамандығының 2-ші курс студенті,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Т. Глеубаева

Бүгінгі күні туристік нарық өкілдерінің басты мәселелерінің бірі - туристер не үшін саяхаттайды, олар неліктен және қалай белгілі бір дестинацияны таңдайды деген сұрақтарға жауап іздеу.

Қазіргі туризм индустриясының күрделі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жүйе ретінде қалыптасуы оның субъектілерінің, яғни туристер мен объектілердің - туристік дестинацияның өзара әрекеттесуіне негізделген. Туристік дестинация туристік жүйенің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Өйткені оны белгілі бір территорияда орналасқан, өндіріс стратегиясының орындалуын қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық құрылымдарға ие, тиімді экономикалық, әлеуметтік және экологиялық туристік өнімге бағытталған функционалды элементтерді құрайды [1].